**«БЕКІТЕМІН» / «УТВЕРЖДАЮ»**
**Түркістан облысы**
**қаржы және мемлекеттік активтер**
**басқармасы басшысының орынбасары /**
**Заместитель руководителя управления**
**финансов и государственных активов**
**Туркестанской области**

______________________ **Т. Байғон**

«24» ______04______ **2023 ж./г.**

**МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ МҮЛІКТІК ЖАЛДАУ (ЖАЛҒА БЕРУ) БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ АКТІСІ**

**АКТ ПРИЕМА-ПЕРЕДАЧИ ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ В ИМУЩЕСТВЕННЫЙ НАЙМ (АРЕНДУ) ГОСУДАРСТВЕННОГО ИМУЩЕСТВА**

**№129**

«24» ______04______ **2023 ж./г.** **Түркістан қ. / г. Туркестан**

Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№2 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жарғысы негізінде әрекет ететін директоры Цупилдаев F әрі қарай - «Теңгерім ұстаушы» 2023 жылғы «17» сәуірде мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға беру) туралы №34235 келісімшарты негізінде, осы актімен Түркістан облысы, Арыс Қ.Ә; Байдаулетов Оспан көшесі, №1 мекен-жайында орналасқан «№2 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының электр-энергия, кәріз, жылу, су жүйесімен қамтылған жалпы аланы – ***30,80 шаршы метр*** тұрғын емес жайын мектепте аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында (бұдан әрі – Объект) Сарсенбекова Алима Наметкеримовнаға (әрі қарай-«Жалдаушыға») өткізеді.

Жалпы жайдың жағдайы қанағаттанарлық.

Осы акт 2023 жылғы «17» сәуірде мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға беру) туралы №34235 келісім-шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы акт 3 данада жасалған: 1 данасы «Жалға берушіде», 1 данасы «Жалдаушыда» сақталады, 1 данасы «Теңгерім ұстаушыға» беріледі.

Именуемый в дальнейшем «Балансодержатель», в лице директора Цупилдаев F, действующей на основании Устава коммунальное государственное учреждение «Начальная школа №2» отдел развития человеческого потенциала города Арыс на основании договора имущественного найма (аренды) государственного имущества от «17» апреля 2023 года №34235 данным актом передает Сарсенбекова Алима Наметкеримовна, в дальнейшем именуемой «Наниматель», нежилое помещение, снабженное электрическая энергия, водоснабжением, канализация, отопление общей площадью – ***30,80 квадратных метров*** в целях для обеспечения детей из малообеспеченных семей горячим питанием, в здании КГУ «Начальная школа №2» расположенного по адресу *Туркестанская область, Арысь г.а, улица Байдаулетова Оспан, №1.*

Общее состояние помещения удовлетворительное.

Данный акт считается неотъемлемой частью договора имущественного найма (аренды) государственного имущества от «17» апреля 2023 года №34235.

Данный акт составлен в 3 экземплярах: 1 экземпляр хранится у «Наймодателя», 1 экземпляр передается «Нанимателю»,
1 экземпляр «Балансодержателю».

**ТЕҢГЕРІМ ҰСТАУШЫ / БАЛАНСОДЕРЖАТЕЛЬ**

**Өткізді / Передал:**

Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№2 бастауыш мектебі» КММ/
КГУ «Начальная школа №2» отдел развития человеческого потенциала города Арыс/
Түркістан облысы, Арыс Қ.Ә; Байдаулетов Оспан көшесі, №1/
Туркестанская область, Арысь г.а, улица Байдаулетов Оспан, №1/
БСН/БИН:

**Директор**

Цупилдаев F ______________
**м.о./ м.п.**

**ЖАЛДАУШЫ / НАНИМАТЕЛЬ**

**Қабылдады / Принял:**

Сарсенбекова Алима Наметкеримовна/
Түркістан облысы, Арыс Қ.Ә; М.Дулатов көшесі, №116
Туркестанская область, Арысь г.а, улица М.Дулати, №116
ЖСН/ИИН 720210402341
БСН/БИН
Тел:

**ЖК/ИП**

______________ **Сарсенбекова А.**
**м.о. /м.п.**

№2 Бастауыш

**№34235-О-ЭТП МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ МҮЛІКТІК ЖАЛДАУДЫҢ (ЖАЛҒА БЕРУДІҢ) ҮЛГІЛІК ШАРТЫ**

Түркістан қ. 20__ жыл «__»__________

Бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын "ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ атынан Ереже негізінде әрекет ететін басқарма басшысының орынбасары Байғон Таңат Жамбылұлы бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын Сарсенбекова Алима атынан САРСЕНБЕКОВА АЛИМА НАМЕТКЕРИМОВНА екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, төмендегі туралы осы шартты жасасты.

## 1. ШАРТТЫҢ НЫСАНАСЫ

1. Бұдан әрі «баланс ұстаушы» деп аталатын ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АРЫС ҚАЛАСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ "№2 БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ; БСН: 050940006565; Мекен-жайы: Оңтүстік Қазақстан облысы; Арыс Қ.Ә.; ул. Баидаулетова Ослан, 1; Телефондар : (72540) 2-26-36, 2-14-90; 8 701 546 03 43, 8 705 722 10 29; балансында тұрған, бұдан әрі «объект» деп аталатын Жылжымайтын мүлік (Ғимараттағы ауданның бөлігі), Жалға беру(жалға алу объектісінің) бірлігі Часть площади на первом этаже здания, для обеспечения горячим питанием детей из малообеспеченных семей. площадь: 30,80 м² Мүліктік жалдаудың мерзімі (ай): 22; Состояние - удовлетворительное, имеются инженерно-технические устройства - электрическая энергия, водоснабжения, канализация и отопление. Объект передается в имущественный наем (аренду) с 1 сентября 2021 года по 31 декабря 2023 года. Наниматель на период летних каникул (июнь, июль и август месяцы) освобождается от уплаты арендной платы. Заявка принимается только от поставщика услуг по организациям питания в данном объекте.Объект туралы мәлімет: Часть площади в здании КГУ "Начальная школа №2" отдела развития человеческого потенциала города Арыс управления развития человеческого потенциала Туркестанской области; Жылжымайтын мүлік тізілімінде тіркелген: Жоқ; Кадастрлық нөмірі: ; Мекен-жайы: Түркістан облысы; Арыс Қ.Ә.; ул. Баидаулетова Ослан, 1;

06.04.2023 жылғы №102 "ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ бұйрығының негізінде;

2. Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында пайдалану үшін, 01.09.2021 бастап 31.12.2023 аралығында объектіні жалға беруші мүліктік жалдауға (жалға алуға) береді, ал жалға алушы қабылдап алады.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін аталған шарттың әрекет етуі тоқтатылады.

## 2. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

3. Объектіні жалдауға беру жалға алушының, баланс ұстаушының өкілдері қол қойған және жалға беруші бекітетін қабылдау-тапсыру актісі бойынша (беру сәтінде объектінің іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) жүзеге асырылады және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Жалға берушінің шартқа қол қоюымен және баланс ұстаушының жазбаша келісімімен тапсырылатын объектінің беру сәтінде кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалармен шарттың әрекет етуі ішінде талап етілмейтіндігін куәландырады.

5. Кемінде бір жыл мерзімге жасалған жылжымайтын мүлікті мүліктік жалға алу шарты "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады және осындай тіркеу сәтінен бастап жасалған деп есептеледі. Шартты мемлекеттік тіркеу Жалға алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Жалға алушы өрт пен электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалдап отырған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттардың тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

## 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7. Жалға берушінің:

1) баланс ұстаушымен келісім бойынша объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге жалға алушыға жазбаша рұқсат беруге;

2) жалдау ақысын аударудың уақтылығы мен толықтығына бақылауды жүзеге асыруға;

3) жалдау ақысын уақтылы енгізбегені үшін өсімпұл есептеуге;

4) тараптардың келісімі бойынша шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

5) объектінің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

8. Жалға алушының:

1) жалдау ақысын аванс арқылы төлеуге;

2) баланс ұстаушының жазбаша келісімімен объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалдауға беруге рұқсат үшін жалға берушіге өтініш жасауға;

3) жалға берушіге шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

9. Жалға беруші:

1) шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау-тапсыру актісі бойынша жалға алушыға баланс ұстаушының объектіні беруін қамтамасыз етуге және оны бекітуге;

2) шартта белгіленген тәртіппен жалға алушының объектіні иеленуі және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3) шарт талаптарын немесе жалдау ақысының мөлшерін өзгерткен жағдайда, бұл туралы жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін бір ай бұрын жалға алушыға хабарлауға;

4) жалға алушыға жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей мерзімі өткен жалдау төлемдері үшін өсімақылар мен айыппұлдар есептегені туралы хабарламаны жіберуге міндетті;

5) объектіні қабылдау-тапсыру актісін бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы шарт бойынша мәліметтердің мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі - тізілім) енгізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

10. Жалға алушы:

1)Әр айдың 30-нан кешіктірмей ай сайын (жалдау ақысын төлеу мерзімдері) жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да жалдау төлемдерін (айыппұлдарды, өсімақыларды) енгізуге;

2) төлем тапсырмасына немесе жалдау төлемін төлегендігі туралы түбіртектегі "төлемнің мақсаты" жолына мынадай мәліметтерді:

жалға алушының жеке сәйкестендіру нөмірін немесе бизнес жеке сәйкестендіру нөмірін;

тізілімнің веб-порталы беретін мүліктік жалдауға (жалға алуға) шартының сәйкестендіргішін енгізуге;

3) жалдау ақысын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) енгізгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталында шарт бойынша есеп айырысуға салыстыруды жүргізуге;

4) қабылданған объектіні шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

5) объектіні тиісті тәртіпте ұстауға, объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға залал келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

6) объектіні дұрыс жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізуге және мүлікті ұстау бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеу жүргізуге;

7) жалға алушының кінәсінен, сол сияқты табиғи тозуға байланысты объектінің жекелеген элементтері істен шыққан жағдайда, жөндеу жұмыстарын өз қаражаты есебінен жүргізуге;

8) жалға берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;

9) объектіге және объект орналасқан жер учаскесіне жалға берушінің, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау қызметі және объектіні пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;

10) шарт бойынша өз құқықтарын кепілге бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

11) осы шарттың аяқталу мерзіміне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімнің веб-порталында электрондық нысанда шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға өтініш береді. Мұндай өтініштің болмауы жалға берушіге объектіні өзге заңды немесе жеке тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға алуға) негіз болады;

12) шартты бұзған немесе шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, жалға алушы мен баланс ұстаушы қолдарын қойған және жалға беруші бекіткен қабылдау-тапсыру актісі бойынша баланс ұстаушыға күнтізбелік он күн ішінде объектіні қайтаруды қамтамасыз етуге;

13) жалға алушының кінәсінен объекті пайдалануға жарамсыз жағдайға келтірілген жағдайда, өз қаражаты есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;

14) объектіні жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық күйінде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда, шығынды өтеуге міндетті.

## 4. ЖАЛДАУ АҚЫСЫ МЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

11. Объектіні мүліктік жалдау үшін жалдау (жалға алу) ақысының мөлшері айына 2989 теңгені құрайды (жалдау ақысының есебі шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымшада келтірілген).

12. Мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысы коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді, ағымдағы және күрделі жөндеуге арналған аударымдарды, объектіге көрсетілген қызметтер және қорғау үшін төлемдерді қамтымайды. Бұл төлемдерді жалға алушы тікелей байланысты қорғау, пайдалану, коммуналдық, санитарлық және қызметтер көрсететін басқа да қызметтерге төлейді.

13. Ай сайынғы жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) жалға алушы "Коммуналдық меншік иелігінде тұрған мүлікті жалға беруден түсетін кірістер" кодына, БКК 201504 бюджеттік сыныптама кодына бенефициар KKMFKZ2A БСК, бенефициар KZ24070105KSN0000000 ЖСК аударады, бенефициар банк ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті, БСН 141140001205, "Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кірістер Комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті" РММ, КНП 911, КБЕ 11.

14. Тендер өткізбестен мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген жылжымайтын мүлік бойынша жалдау ақысының мөлшері, базалық мөлшерлемесі мен қолданылатын коэффициентер мөлшері өзгерілген жағдайда, жалға берушінің талабы бойынша қайта қаралады.

Тендер өткізу арқылы мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген жылжымайтын мүлік бойынша жалдау ақысының есебі, егер жалға алушы тендерде ұсынған жалдау ақысының мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10467 болып тіркелген) Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға беру қағидаларының 49-тармағына сәйкес есептелген жалгерлік ақысының мөлшерінен төмен болған жағдайда жалға берушінің талабына сәйкес өткізіледі.

Жалдау ақысының мөлшері өзгерген кезде жалға беруші жалға алушыны жалдау ақысын енгізудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

15. Жалға алушы Шарттың 10-тармағының 1) тармақшасында көзделген жалдау ақысын төлеудің мерзімін бұзған жағдайда, жалға алушы әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген сомадан 0,5% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

16. Осы шартта көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу жалға алушыны орындалмаған міндеттемелерін тиісінше орындаудан босатпайды.

17. Жалға алушының бастамасы бойынша шарты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, авансмен төленген жалдау ақысы қайтарылмайды.

## 5. ШАРТТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ ШАРТТАРЫ

18. Жалға алушы шартты бұзғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бұл туралы жалға берушіні жазбаша ескерте отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

19. Жалға берушінің талабы бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты бұзылуы мүмкін және объект жалға берушіге мынадай:

1) егер жалға берушінің жасаған жазбаша ескертуіне қарамастан, жалға алушы объектіні шарттың талаптарын немесе объектінің мақсатын елеулі бұза отырып пайдаланған;

2) егер жалға алушы шарт бойынша берілген объектіні нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған;

3) егер жалға алушы қасақана немесе байқаусызда объектіні елеулі нашарлатқан;

4) егер жалға алушы шартта белгіленген мерзім өткеннен кейін екі реттен астам объектіні пайдаланғаны үшін жалдау ақысын енгізбеген;

5) егер жалға алушы шартта белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе шартқа сәйкес күрделі жөндеу міндеттемесі жалға алушыға жүктелген жағдайларда ақылға қонымды мерзімдерде объектіге күрделі жөндеу жүргізбесе, жалға беруші жалға алушыға өз міндеттемелерін ақылға қонымды мерзімде орындау мүмкіндігін бергеннен кейін ғана шартты мерзімінен бұрын жоюды талап етуге құқылы;

6) жалға алушыға басқа объектіні оның жазбаша келісімінен кейін берген;

7) жалға беруші объектіні алып қою туралы шешім қабылдаған;

8) жалға берушінің алына баланс ұстаушы жазбаша өтініш жасаған жағдайларда қайтарылады.

Шарт жалға алушының талабы бойынша мерзімінен бұрын мынадай:

1) баланс ұстаушы шарттың талаптарына немесе объектінің мәніне сәйкес жалға алушының пайдалануына объектіні бермеген не объектіні пайдалануға кедергі жасаған;

2) объектінің баланс ұстаушысы шартпен белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған жағдайда - ақылға қонымды мерзімдерде оған салынған объектіні күрделі жөндеу міндеттемелерін орындамаған;

3) жалға алушыға берілген объектілердің оны пайдалануға кедергі жасайтын, олар шарт жасасқан кезде жалға берушімен келісілмеген ақаулары болған және шартты жасасқан кезде объектіні қараған және оның жұмыс істейтінін тексеру уақытында анықталуы мүмкін болмаған;

4) егер объекті жалға алушының жауап беруі мүмкін емес жағдаяттар салдарынан пайдалануға жарамай қалған жағдайларда бұзылады.

20. Шартты мерзімінен бұрын бір тарапты бұзу сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. Сот шешімі күшіне енгенге дейін объекті жалға алушыда сақталады, ол шартқа сәйкес жалдау ақысын төлеуді жалғастырады.

## 6. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

21. Шарт әрбір тарап үшін бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде үш данада жасалады.

22. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қоюы жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Егер жалға алушы өз қаражаты есебінен және баланс ұстаушының келісімімен және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдардың) жазбаша рұқсатымен объекті үшін зиянсыз ажырамас жақсартулар жүргізген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға алушы шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқылы бар. Жалға алушы жүргізген объектінің ажырайтын жақсартулары оның меншігі болып табылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға беруші мен баланс ұстаушының келісімінсіз жалға алушы жасаған ажырамас жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

24. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) тапсырғаны үшін жалдау ақысын есептеу объектіні қабылдау-тапсыру актісі бойынша объектіні баланс ұстаушыға қайтару сәтіне дейін жүргізіледі. Жалға алушы мен баланс ұстаушы қол қойған және жалға беруші бекіткен объектіні қабылдау-тапсыру актісі мүліктік жалдау (жалға алу) шартының бұзылу және аяқталу фактісін растайтын құжат болып табылады.

## 7. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

25. Осы шарттан немесе оған байланысты тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда - сот тәртібімен шешіледі.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

**ЖАЛҒА БЕРУШІ**

"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ, БЖН 040240002753, РГУ "Комитет казначейства Министерства финансов РК", БЖК KKMFKZ2A, ЖСК KZ360705027513501001, Туркестанская область, Туркестан г.а., квартал 037, стр.3685 (Факт.адрес: г.Туркестан, мкр. Жаңа Қала, улица 32, здание 20)

**ЖАЛҒА АЛУШЫ**

Сарсенбекова Алима САРСЕНБЕКОВА АЛИМА НАМЕТКЕРИМОВНА ЖСН 720210402341 Казахстан, Туркестанская область, Арысь г.а., М.Дулатов №116

## ПРИЛОЖЕНИЕ К ДОГОВОРУ

Объектіні мүліктік жалдау үшін жалдау (жалға алу) ақысының мөлшері айына 2989 теңгені құрайды

Өндірістік бақылау
Асханаларға

## Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Түркістан облысы №82 2023-02-09

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Момбеков Ашимхан Тилеуханович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалы, Филиал ережесі және 2022 жылдың 29 желтоқсан № 253 Бас сенім хаты негізінде әрекет ететін Директоры Абдразаков Артур Утетлеуович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39-бап 3-тармақ 36-тармақша Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша **082-045-154** Затраты на оплату исследований - производственного контроля за лабораторное исследование школ;

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) лоттар тізбесі және қызметтер көрсету шарты (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 2 302 250.00 (екі миллион үш жүз екі мың екі жүз елу тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт
**082** Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, **045** Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары есебінен кіші бағдарламасы, **154** Зерттеулер бойынша қызметтерге ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 2 302 250.00 (екі миллион үш жүз екі мың екі жүз елу тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы тіркеуге жатады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.
Қызмет көрсету актісінің нысанын Өнім беруші алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

2.4 Орындалатын қызметтердің көлемі Шарттың 1 Қосымшасында көрсетілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);

3) осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;

4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

## 3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

8) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Қызметті қабылдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға

4) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10-күн ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

### 5 Қызметтер көрсету

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

### 6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

### 7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті күннің немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

**8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктірілуіне әкеп соқтырады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3 Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.4 Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.5 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.6 Шарт

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсеткен;

3) [illegible]нда, Қазақстан

[illegible] Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісін анықтаған;

### 9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

### 10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

### 11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

### 12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

## № 58 ЕҢБЕК ШАРТЫ

**Арыс қаласы** **5 қантар 2023 жыл**

Бір жақтан Жұмыс беруші ретінде Жеке кәсіпкер «Сарсенбекова Алима Наметкеримовна» (бұдан әрі - Жұмыс беруші), екінші жақтан Аспазшы ретінде Беғалиева Айсулу Шамшитовна төмендегілер туралы осы Еңбек шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

**1. Шарттың мәні:**

1.1. Аспазшы Жұмыс берушіге С. Нұрмағанбетов атындағы бастауыш білім беретін мектебі асханасында аспазшы қызметін атқаруға міндеттенеді.

1.2. Аспазшы жұмысты 2023 жылғы 05 қаңтарынан бастап атқаруға кіріседі.

1.3. Осы Еңбек шарты екі жақтың қол қоюымен күшіне енеді және 2 (екі) жыл мерзімге жасалды.

1.4. Аспазшы жұмысқа қабылдаған кезде медициналық кітапшасының бар екендігіне кепілдік береді және уақытылы рұқсат мерзімін ұзартуға міндеттеледі.

**2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:**

2.1. Аспазшыға қойылатын талаптар:

- Мектеп асханасында оқушыларға арналған бір мезгіл ыстық тамақ дайындау;
- Ыстық тамақты перспективалық және күнделікті ас мәзіріне сәйкес, көрсетілген нормаларды қатаң ұстап әзірлеу;
- Жеткізілген тауар өнімдерін қабылдап алып, сапасын бұзылуға жол бермей сақталуын қамтамасыз ету;
- Тұтынылатын тауар өнімдерін пайдаланардан алдын мектептің медбикесімен бірге жарамдылық мерзімін, сапасын тексеруге, сапасына күдік туындаған жағдайда пайдалануға қолданыстан алып, азық-түлікпен жабдықтаушыны хабардар етіп, өнімді ауыстырып беруге сұраныс жасау.
- Асхана ішін, оқушылар тамақтанатын ас бөлмесін, қойма ішін таза, әрі санитарлық талаптарға сай ұстау;
- Асханаға берілген жабдық пен асханалық бұйымдарды ұқыпты пайдаланып, әр тағамға арналған бұйымдарды таңбалануын қамтамасыз ету;

- Оқушыларға берілген тағамдардың үлгісі берілген уақыттан 48 сағаттан кем емес арнайы құтыда тоңаздқышта сақтау. Үлгі салынған құтының сыртында тағамның аты, үлгінің алған жылы, күні, уақыты жазылуы тиіс;
- Жұмыс беруші тарапынан ыстық тамаққа байланысты нормативтік құқы бар барлық құжаттамалармен мұқият танысып, арнайы белгіленген жерде сақтау;
- Шартқа қол қойылған күннен бастап ҚР ҰЭМ 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы № 179 бұйрығының 222-ші бабында көрсетілген тағамдарды өз бетінше сатуға шектеу қойылады. Бұл тарап бұзылған жағдайда жауапкершілік толығымен аспазшыға жүктеледі.
- Санитарлық талаптар мен жеке гигиена ережелерін сақтау;
- Жұмыс берушінің басқа да заңды талаптарын орындау.

2.2. Жұмыс беруші міндетті:
- Аспазшыға жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;
- уақтылы және толық жалақы төлеу;
- Аспазшының құқықтарын қорғау.

2.3. Аспазшының құқықтары:
- осы Шартта көрсетілген жұмысты алу;
- уақтылы және толық жалақы алу;
- заңнамаға сәйкес демалыс алу.

2.4. Жұмыс берушінің құқықтары:
- заң бойынша тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту.

**3. Еңбек ақы төлеу шарттары:**

3.1. Аспазшыға айлық сағаттық тарифте есептелінеді.

3.2. Жалақы ай сайын қолма-қол немесе банк шотына аударылады.

3.3. Заңнамаға сәйкес жалақыдан ұстап қалулар жүргізілуі мүмкін.

**4. Жауапкершілік:**

4.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда заңнамаға сәйкес жауапты болады.

4.2. Жұмыс беруші заңнама бойынша материалдық және басқа да жауапкершілікті көтереді.

**5. Шарттың тоқтатылуы:**

5.1. Осы Шарт заңнамада көзделген негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.